

Как подготовиться к защите дизайна, если есть уверенность в том, что его украли? Прежде всего, дизайнер должен понимать, что его произведение становится незащищенным, если дизайн - проект распространяется онлайн. Его могут использовать другие дизайнеры с другого конца света, и ни один юрист не сможет гарантировать успешное судебное разбирательство против нарушителей. В настоящее время не существует строгого и эффективного законодательства, которые бы поддерживало дизайнеров в таких вопросах.

В заключении следует сказать, что самое важное - это понимание и принятие того факта, что кража собственности, не важно, материальная она или интеллектуальная, запрещена существующими законами. Дизайнеры не владеют нужными знаниями о своих правах и обязанностях. Им необходимо изучать авторские права и возможные юридические рычаги давления для защиты себя и своих работ от других недобросовестных дизайнеров и компаний. Существует множество ресурсов для дизайнеров, которые позволяют отслеживать каждое изменение в законодательстве о праве интеллектуальной собственности. Кроме того, существуют объединения людей искусства, где дизайнеры могут делиться своими проблемами, связанными с защитой авторского права, и обнародовать подделки.

Список использованной литературы

1. <http://bado-badosblog.blogspot.ru/2013/11/the-changing-etiquette-oftheft.html>
2. <http://oaklandlocal.com/2013/12/another-ripped-off-oakland-artist-fightsback-eddie-colla-gets-even-with-walmart/>
3. <http://www.eastbayexpress.com/oakland/when-corporations-want-profits-they-dont-ask-for-permission/Content?oid=3804611&showFullText=true>
4. П.Б., Сергеев А.П. Интеллектуальная собственность. - М.: Юрист, 2000. - 400с. ISBN 5-7975-0333-6 (в пер.)
5. Автор: Ладатко О.В., Нечаев В.И., Харитонов Е.М. и др. 2005г. Интеллектуальная собственность от А до Я. Кубанский государственный аграрный университет.
6. Джон Клиффорд. Москва 2015. Иконы Графического дизайна. «Издательский «Эксмо», 2015.

ӘОЖ 504.5/502.55/711.113

Ералы Ә.Ә., магистр, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің оқытушысы

ҚАЛАНЫ ЭКОЛОГИЗАЦИЯЛАУ МЕН ЭКОҚАЛАЛАР ҚҰРУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ

Аннотация: В данной научной статье проанализированы пути озеленения населенных пунктов, изучены способы формирования и приведены рекомендации для строительства экогородков.

Ключевые слова: окружающая среда, люди, эко, экологизация, экогородок.

Abstract: In this article analyzed the ways of landscaping settlements, studied methods of forming and provides recommendations for building ecocities.

Keywords: environment, people, eco, greening, eco-town.

Өркениет дамыған сайын қоршаған ортаға аяушылықпен қарау, табиғатқа қамқорлық көрсету тәрізді қайырымды пейілдер қоғамдық санада жиі қайталанып және орындалып келе жатқан ауқымды идеяға айналған. Жаңа заман дамыған сайын әлемдегі халықтың өмір салтын экологияландыру жолы түзеліп келе жатыр. Қазір, техникалық прогресс пен шамадан тыс ұлғайтылған экономикалық дамудың орнына, балама болып қоғамның экологиялық прогресі мен экологиялық өркендеуі келіп отыр.

Осы күнге дейін қалыптасып келе жатқан қала құрылысы түрлеріне тарихи талдау жүргізіп, экологиялық қала құрылысы бағытының қалыптасу кезеңдері туралы қысқаша шолып шығатын болсақ, оның бастамасы ХХ ғасырдың жиырмасыншы жылдарынан бастау алатынын байқауға болады. Жалпы, сол ғасырда ұсынылған қала қалыптастыру тұжырымдамалары екі негізгі топқа бөлінген екен. Оның бірі қалаларды үздіксіз бір шепте ыңғайластырып қалыптастыру болса, екіншісі бөлшекті немесе түйіршіктелген қала түрлерін қалыптастыру екен.

Алайда, осы тұжырымдаманың бірінші түрі қоршаған ортаға қауіп тудырады, өйткені ол табиғи ландшафтың бөлшектеніп, экологиялық байланысты үзіп, табиғаттың адам көмегінен өз бетінше жанданып, орнын толтыру қасиетінен арылтуы мүмкін. Ал түйіршіктелген немесе бөлшек-бөлшекті құрылымды экологиялық қалалар тобы экологиялық тұрпаттан болса тиімдірек

деп есептеледі. Бұл Лондонды қайта құру жобасының авторлары Э. Сааринен, П. Аберкромби және басқаларының ұсынған децентрализацияландыру теориясында дамытылған. Жалпы, тұжырымдаманың осы түрі анық дезурбанистік тұрпатты көздейді [1].

Аталып кеткен тұжырымдамалық ойлардан басқа елді мекендерді экологизациялауға бағытталған жолдар зерттеліп, экологиялық қалаларды қалыптастыру тәсілдері мен жеке ұсыныстар көптеп берілген. XX ғасырда қалыптасқан қаланың түріне қатысты қазіргі заман сәулет өнері өкілдері, тіпті танымал сәулетшілер де пессимистік ескертулерін білдірген. «Қазіргі заманғы өркениет қаладан артық жасап қана қоймай, сондай-ақ оның жойылуынан да пайда алмақ» деп айтқан Ф.Л. Райттың пікірін келтіруге де болады. Әлемдегі халықтың басым бөлігінің ірі қалаларда шоғырлануы жердің тепе-тіңдігін бұзады деген. Сол себепті адамзат жер бетінде біркелкі шоғырлануы міндетті [2].

Қала құрылысы экологиясында эоқалалардың бірнеше жалпылама көзқарасы мен ұғымдары қалыптасқан. Белгілі болғандай елді мекендерді экологизациялау жаһандану заманында маңызды аспектілерінің біріне айналып отыр. Әлем тәжірибесіндегі эоқалашықтар ерекшеліктерін бақылау нәтижесінде түзілген қағидалар сарапталынып, жаңа ойлармен толықтырылып, заманауи тәсілдерді қорыту негізінде эоқалаларды әр түрде, әр көлемде құрудың негізгі қалыптастыру формалары туындайды. Осы мәселелерді зерттеп, зерделей келе эоқалалардың қалыптасу тәсілдері мен қағидалары келесідей болса тиімді болады деп шешілді:

- шатырлары мен қабырғалары көгалдандырылған;
- қолданыста қоршаған ортаға зиянсыз, нөлдік шығыны бар көліктер;
- энергоұтымды үйлерді салу;
- тұрақты қалаға сай келетін – сорғытып, құрғату жүйелерін қолдану;
- энергоүнемді жүйелер мен құрылғылар қондыру;
- таза суды сақтайтын бақша мен ландшафты жобалау.

Келесі анықтамаларда эоқалалардың бақылауынан туындаған қағидалар тізілген:

Тірі ағзалар мен заттардың қозғалысы мен энергия ағындары үшін «мәлдір» болуы:

- топыраққа жауын-шашынның сіңуі мен күн сәулесінің енуі тік бойымен болуы;
- флора мен фауна өкілдері миграциясына, елді мекен мен жақын маңдағы тұрғындардың жүріп-тұруы мен желдету көлденең (горизонтальді) болуы.

Табиғи эоциклдердің үйлесімді кірістірілуі келесідей жасалуы:

- қала және қала маңында бұзылған флора мен фаунаны қалпына келтіру;
- қала ортасында биологиялық процесстерінің қарқындылығын күшейту;
- қала төңірегіндегі биотүрлерді көбейту;
- үйге іргелес бау-бақша шаруалығы орындарында топырақ қабатын ұлғайту, яғни пермамәдениет қағидалары негізінде, биоинтенсивті жер өңдеу;
- құрылыс материалдарын қолданудың толық циклін есепке алып ғимараттарды жобалау және салу: оларды өндіру, өңдеу мен құрылыста пайдаланудан бастап, қайта өңдеу мен қорытынды этапта табиғатқа тиімді қалыпта кедеге жарату.

Эоқаланы биоопозитивті, яғни эомекендер төңірегіндегі өсімдіктер мен жан-жануарлардың адамға жақын маңда дамуының бейімді, әрі тиімді ету.

Адамның қалада өмір сүру ортасын негізгі үш компоненттерінің арасында өзара тиімді әрекетін қамтамасыз ету:

- елді мекеннің «табиғи қаңқасы» – парктер, бау-бақшалар, бульварлар, орманды алқаптар, өзен-көлдер және тағы басқа ландшафт;
- елді мекеннің «техногенді қаңқасы» – оның көлік және инженерлік инфрақұрылымы;
- «қала қаңқасы» – қала құрылысы алып тұрған аумақ.

Елді мекеннің табиғи және техногенді қаңқалары қала кеңістігінде ажырамайтын қасиеті болу қажет, сол себепті олар бір деңгейде қиылыспаулары тиіс деп шешілген.

Осындай эомекендерді пайдаланушыларға:

- жер беткейін – тірі табиғатпен байланысты талап ететін қалалық орта элементтерін орналастыру үшін қолдану. Оларға баспана, жұмыс, демалыс орындары, т.б. жатады;
- жер астын – тірі табиғатпен байланысты қажет етпейтін элементтер үшін қолдану. Ол адам тіршілігін қамтамасыз ету бағытында қызмет көрсету: коммуналдық-қоймалық аумақ, өнеркәсіп мекемелері мен т. б.

Орталықтандырылмаған, дербес жүйелермен қамтамасыздандырылған тіршілік ұйымдастыру:

- жаңғыртылмалы энергия көздерін қолдана отырып жергілікті жылумен жабдықтау;
- баламалы энергия көздері мен шағын электр станцияларын пайдалана отырып жергілікті электр жүйесімен қамтамасыз ету;

- жергілікті азық-түлік өнімдерін өндіру және жылыжайлар мен үйге іргелес аймақтар салу;
- техникалық қажеттіліктер мен кейіннен кәдеге жарату үшін жаңбыр суын пайдалану.

Қала тұрғындарының сан-алуан өмір қалпына есептелген, адамдардың қала аумағында тұру үшін түрлі типтегі тұрғын үйлерді таңдау мүмкіндігіне жол ашу. Нақтырақ тізіп айтқанда:

- жайлы пәтерлер – урбанистикалық кварталдар мен аудандар;
- бақшасы бар пәтерлер – жеке участкісі бар блокталған үйлер;
- қарқынды бағбандық пен бақша ұстауға арналған пәтерлер немесе коттеждер.

Ағаш, тас, керамика тәрізді жергілікті құрылыс материалдарын пайдалануға бағытталу. Бұлар экологиялық таза материалдар категориясына жатады. Себебі, олар салыстырмалы түрде қарастырғанда адамдар үшін арзанырақ, қол жетімді және зиянсыз, алайда қайта пайдалану үшін қосымша өңделеді, әрі жойылады.

Сәулеттегі жергілікті және аймақтық эстетикалық ерекшеліктерді пайдалана отырып нысандар салу. Бұл елді мекеннің барлық компоненттерінде көрініс табуы мүмкін:

- қалашықтың кеңістіктік құрылысында;
- тұрғын ортаны ұйымдастыруда;
- қалашық ішіндегі ғимараттар сәулетінде;
- көркемделуі мен безендірілуінде;
- заттық және тұрмыстық дизайнныңда [3].

Экоқалашықты қалыптастыру барысында шешілуді қажет ететін басты тапсырма – оны орналасу аумағы мен табиғи процесіне үйлестіру. Бұл жерде отбасы, ұжым және қоғамдағы маңызды әлеуметтік функциялардың қалыпты іске асырылуы маңызды. Экоқалашық сол қоғам мен тұрғындарының арасында өтіп жатқан мәдени процесстерінің ұйымдастырушысы болуы қажет.

Техникалық прогрестен туындаған экологиялық мәселелерге байланысты айтылған сәулетшілер мен қалақұрылысшыларының пікірлері және олардың алғашқы шешу жолдарына жасалған мысалдары негізінде экоқалашықтарды қалыптастырудың нақтырақ келтірілген принциптері бар. Заманауи қалаларды экологизациялау барысында кейін басқа аймақтарды түрлендіру кезінде үлгі ретінде алдымен экокварталдар тұрғызу керектігі туындады. Алайда, кәдімгі қаланы экоқалаға түрлендіру ұзақ процесс. Өйткені, ол тұрақталған қала қалпына баға беру мен бас жоспарын және техникалық шешімін жасаудан бастап, әлеуметтік сұрақтарды шешумен аяқталатын бірнеше бір-бірімен байланысты этаптардан тұрады [4]. Осыларға сүйене отырып экологизациялаудың келесідей *шешілу жолдарын қолдану ұсынылады:*

- кварталдың кем дегенде 50 % аймағын көгалдандыру;
- тұрғындардың демалуы мен жануарлардың ыңғайлы көші-қонысына арналған үздіксіз жол бойы «жасыл дәліздер» отырғызу;
- автожолдармен қиылыспайтын веложолдар жүйесі мен жаяу жүргіншілер жолдарын ұйымдастыру;
- көше бойларынан, тротуарлар мен тұрақтардан қайта тазартып, залалсыздандырып қолдану мақсатымен жаңбыр суларын жинау;
- жерасты кеңістігін қойма, гараж, тұрақ, жылу энергиясы мен жел энергиясын түрлендіріп, жинақтайтын аккумуляторларды, суды өңдеп, тазарту құрылғыларын, т. б. қажеттіліктерге қолдану;
- ұсақ жәндіктер, кішігірім жануарлар мен құстардың еркін өмір сүрулері үшін «жабайы табиғат» (кішігірім тоғандар, шабындық алаңқай, тоғайлар) участоктарын сақтау;
- көгалдандыруда жемісті бау-бақша мен бақтар, құнарлы ағаш пен бұталарды отырғызу.

Тұрғын орта мен көше-жолдар жүйесін ұйымдастыру [5]. Соның ішінде ғимараттардың *жоспарлық шешімі келесідей болсын деп ұсынылады:*

- жер үсті мен астын қамтитын типтегі бір-екі қабаттан аспайтын, жан-жағы көгалдандырылған, әрі жертөлесі дамытылған ғимараттар;
- ішкі және сыртқы аулалары жасылдандырылған;
- баламалы энергетика көздерінен тұтынатын дербес жүйелі ғимараттар жасау;
- жертөлелерде компост пен қарашірікті престеп, өндіру үшін түрлі органикалық қалдықтарды жекелеп жинақтау, оны бақшаларда қолдану;
- жан-жақты көгалды суару мен суды жылыту мақсатында гелиоколлекторлар мен күн батареяларын қолдану;
- тұрғын үйлерді безендірілген формалардағы дербес энергоүнемдеуіш, энергоактивті күн және жел генераторларын қондыру;
- тұрғын үй пішімін дәстүрлі қырсыз формаға келтіріп жобалау;

- тұрғын үйлерді дәстүрді сақтап, ұрпақтар сабақтастығын үзбейтін, әмеңгерлікті жалғастыру мақсатында бір отбасы мүшелері мен туған-туысқандарына бірнеше үйден топтастырылған ортақ үй жобалау;
- үйдің ішіндегі әрбір қанатын отбасы үшін бөліп ұйымдастыру;
- әр отбасына арнап жекелеген кіреберіс ойластыру;
- тұрғын үйлерде отбасындағы әрбір буын мүшелерін байланыстырып, бірігіп кездесулеріне арнап орталық бөлмені, яғни ішкі ауланы ортақ қолданыс үшін жоспарлау;
- топтастырылған ғимараттарды белгілі бір ретте ұйымдастыру;
- сыртқы аулада демалыс бақшалары мен жекеменшік тұрақтар орнату.

Инженерлік имараттардың конструктивті шешімі:

- экоқалашық іші шарбақтар, тіреу-қабырғалар, кішігірім сәулет элементтерін, т.б. көгалдандыру;
- экоқалашық іші бау-бақшалар, гүлзарларды көптеп отырғызу;
- қосымша баламалы энергия өндіргіштерін орналастыру;
- экоқалашықтың орталық бөлігінде қалашықтың негізгі энергиямен қамтамасыз ету құрылғыларын декоративті, табиғи пішімдерде альтернативті энергия көздерін композициялық шешімде орналастыру;
- жан-жағына су резервуарын жобалау;
- орталық аумақтарына қоғамдық демалыс орындары мен парктерді жасау;
- жаңбыр суларын бір жерге жинақтап, тазалайтын жерасты имараттарын жасау.

Көліктік және энергетикалық қызмет көрсету [6]. Энергия үнемдеу жолдары:

- қалашықтағы көлік пен жаяу жүргіншілер жолдарын электр энергиясын өндіруге бейімді, энергетикалық жағынан аса тиімді шығатын *шыны бөлшектерінен* құралған жолдарын салу;
- кішігірім жекеменшік автономды энергоүнемдеуіштер мен энергоөндіруші құрылғылар қондыру;
- ғимараттардың ішкі жағынан автономды жылу жүйелерімен жабдықтау;
- жаңғыртылмалы энергия көздері: биомасса, биоотын, күн, жел энергиясы;
- «жасыл жобалау» стратегиясын қолдану: энергия жинақтау, ғимарат ішін вентиляциялау.

Материалдар:

- қала құрылысына барынша жергілікті табиғи материалдарды қолдану (табиғи тас, черепица, шыны, кірпіш, сабан, т.б.);
- өз мерзімін өтегеннен кейін қайта өңдеуге жарамды материалдарды қолдану;
- зиянды заттар бөлінетін материалдарды қолданбау;
- темірбетон мен болатты ұйымдастыра қолдану.

Қалашық ішіндегі көлік құралдары:

- қоғамдық көлік, биоотын және газбен жүретін немесе электромобильдерді қолдану;
- жаяу жүргіншілер мен веложүргізушілерді құптау;
- автономды бақылағыш, жарықтандырғыш тұрақтар мен көшелер жасау;
- жеке көлік түрлерін арнайы жабдықталған жерасты немесе газ шығынын фильтрлейтін жер беті тұрақтарында сақтау.

Сумен жабдықтау жолдары:

- шатырлардан аққан жаңбыр суын кішігірім тазарту мен залалсыздандыру шараларынан кейін ішуге қолдану;
- жолдар бойынан жиналған суларды кішігірім тазарту жұмыстарынан кейін жасыл екпелерді, бау-бақшаларды суару мақсаттарында қолдану;
- ағын суларды терең тазартып, залалсыздандыру шараларынан кейін санитарлық тораптарда, кір, еден жуу, көлік жуу, т.б. да мақсаттарда қолдану;
- жерасты су көздерін жалпы экоқалашықты ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында қолдану;
- экоқалашық қажеттіліктері үшін суды жинақтап, тазалап, қолданысқа дайындау (бассейн, субұрқақ, жуыну және т.б.);

Тазалықтың ұйымдасуы:

- жалпы экоқалашық тұрғындарына алдын ала қалашықта өмір сүру ережелері мен идеологиялық ұстанымдарын қалыптастыру мақсатында нұсқаулар беріп, дағдыландырып, даярлап, жаттықтыру;
- табиғатпен үйлесімділікте өмір сүру мен ұрпақтар сабақтастығының маңыздылығын түсіндіріп, психологиялық тұрғыдан қалыптастыру;
- қоршаған экоорта аумағында табиғи тазалықты сақтау, көркейту, гүлдендіруде өз үлесін саналы, рефлексті түрде жүруін қадағалау;
- тұрмыстық қалдықтарды бөліп лақтыруды қолдану: жанғыш түрлерін қайта пайдаға асыруға іріктеп отыру; қауіпті қалдықтарды арнайы өңдеуге жұмсау; ал жарамсыздарын қоқысқа жіберу,

яғни шыны, қағаз, метал, пластмас, органикалық қалдықтарды жеке контейнерлерге салып, қатты қалдықтарды қоқысқа жөнелту алдында пресстеуге дағдыландыру.

Қорыта айтарымыз, жоғарыда келтірілген қалаларды экологизациялау, экокварталдар ұйымдастыру жолдары және жеке экоқалашықтарды тұрғызудың барлығы адамзаттың экопрогресске қол жеткізіп, қоғамның тұрақты дамуына бағыттау үшін жасалған ұсыныстар. Бұл халықтың санасын өзгертіп, табиғатпен үйлесімділікте өмір сүру маңыздылығының үлгісіне айналады деген сенімдеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Владимирова В. В. и др. Город и ландшафт. – М.: Мысль, 1986.
2. Райт Ф.Л. The living city, N. Y., 1958 // перевод Будущее архитектуры. – М., 1960.
3. Вавакин Л. В. Проблемы градостроительства в новых социально-экономических условиях // Пром. и гражд. стр-во. – 1998. – № 3.
4. Городков А. В. Эффективность средозащиты в различных вариантах планировочной организации озелененных пространств крупных городов // Изв. вузов. стр-во. – 1998. – № 8. – С.115-120.
5. Яргина З. Н., Сосновский В. А. Практические задачи градостроительного анализа.– М., 1987.
6. Минерт Л.К. Древнейшие памятники монгольского монументального зодчества // Древние культуры Монголии. – Новосибирск, 1985.

УДК 74.747.012

Муканова С.О., магистр, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің оқытушысы

РЕНЕССАНС СӘУЛЕТ ӨНЕРІНДЕГІ ҚОЛДАНЫЛҒАН «АЛТЫН ҚАТЫНАС»

Аннотация: В статье рассматривается проблема и вопрос выбора методов формообразования в сфере дизайна. Сделаны анализы основных, исторически сложившихся моделей формообразования объектов предметной окружающей среды. Приводится обобщение результатов исследований в области формотворчества отечественных а также зарубежных исследователей. Выполнены выводы относительно рациональности использования и применения методов формообразования в современной практике дизайна. В статье были выявлены важность и критерии оценки методов структурирования формообразования практического применения в дизайне.

Ключевые слова: Методы формообразования в дизайне, состав, эстетической выразительности.

Abstract: The article presents a professional view of form generation methods in design activity with the focus on developing its conceptual and terminological tools. The author reviews the concept of contemporary design in order to determine the place and role of form generation in the design process. The principal material form generation models that have emerged in the course of the history of this activity are analysed from the viewpoint of contemporary design and form generation methods that have been developed in art, science and technology are summarised. Having identified the regulatory requirements that are applicable in those areas, the author then compares them with design activity.

Key words: Form generation methods in design, composition, aesthetic expressiveness.

Алтын қатынасты қолдану мысалдарына шолуды сәулет өнерінен бастауға әбден болады. Мақала алтын қатынастың бір, екі және үш өлшемді тіктөртбұрыштары мен осындай пропорциялар көп жағдайда сәулет ғимараттарында қолданылатыны жайлы болып табылады. Мақсат – алтын қатынас қағидасы көп жағдайда сәулет өнері туындыларында қолданылғанын және қолданылатынын айтып кету.

XIX ғасырдан бастап ол бірнеше мәрте пропорционалдықтың әмбебап заңының негізі деп танылды. Алтын пропорцияны осыншалықты көптеп қолдануының тікелей айғақтары көне Мысырда, Вавилонда немесе Грецияда анықталмағанын атап айту керек. Бізге жеткен көне мәтіндердің ешқайсысында оның әмбебап мәнділігін танытатын дерек жоқ. Тіпті «пропорция» туралы көп айтылатын Евклидтің «Бастамаларында» бұл анық көрсетіледі. Сонда да көптеген зерттеушілер алтын қатынас қағидасы көне әлемдік сәулеттің көрнекті ескерткіштері Хеопс әулім пирамидасы және Парфенон құрылысында қолданылғанына әбден сенімді [1].

Парфенон ғимараты жайлы 1-суретте келтірілген суреттерге қарағанда, алтын қатынас тік төртбұрыштары туралы және қатынас ϕ санымен байланыстың басқа да пропорциялары туралы айтылады.